

**«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ержанова Айдана
Женісқызының «Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуындағы келісім концептісі (әлеуметтік-философиялық талдау)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

p/h №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантурға бағдарламасы аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.</p>
2.	Ғылымға	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы	Диссертация жұмысы зерттеу тақырыбы аясында ғылым дамуына елеулі үлес қосады. Өйткені, автор Қазақстанның мәдени-

	маңыздылығы	ашылған/ашылмаган.	өркениеттік даму аясындағы келісім концептісіне ізденістік әлеуметтік-философиялық талдау арқылы маңызды теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Автордың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Автор мәселені ғылыми баяндай отырып нақты сілтемелерін керекті жерінде орынды келтіреді және сонымен қатар еңбектің мәтінін жазу стилі ғылыми сипатта екені байқалды. Автор мәселені сынни талдау және ғылыми баяндау стилін жақсы менгерген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды және қазақ мәдениетіндегі келісім концептісінің ерекшеліктері, әртүрлі қырлары объективті тарихи және заманауи үдерістермен байланыстырыла негізделген. Әлемдік және отандық деңгейдегі интеграциялық үрдістердің, келісім құбылысына да тікелей әсер ететіндігі ғылыми байыпталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен мәтіні негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындауды. Тақырыптың негізгі арқауы мен мәтінде ғылыми баяндалуы оның қоғамда теориялық және практикалық жағынан маңызы басым мәселе екенін көрсетеді. Автор тарарапынан келісім мәселесі философиялық талдау түргысынан жан-жақты қарастырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымында келтірілген мақсат пен міндеттер толық сәйкес келеді. Жоспар жақсы құрылған және тақырыпты барынша кең ашып беріп отыр. Негізгі мақсат – келісім құбылысына қатысты әлемдік және отандық философиядағы теориялық және қолданбалы-практикалық қырларды ашып көрсету. Соған сәйкес диссертация мәтінінде көрсетіліп қойылған жеті міндеттері айшықталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:	Диссертацияның құрылымы негізінен үш бөлімге жіктеліп, олар бір-бірімен өзара логикалық түргыда толық байланысқан. Автор

	<p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>тақырыпқа қатысты алдымен ұғымдық және әдіснамалық мәселелерді философия тарихы түргысынан қарастырып алады. Автор қазақ философиясындағы келісім құбылысына қатысты әр қылыштардың маңыздылықтарын қарастырады. Жұмыстың соңғы тарауында қазіргі тәуелсіз Қазақстандағы келісім принциптері талқыланып, болашаққа болжамдар жасалады және қоғамдық келісімнің мәдени-өркениеттік әлеуетінің маңызды тетіктерін жүзеге асыру жолдары айқындала зерттеледі.</p> <p>Автор диссертация ауқымыда барынша жаңа ғылыми шешімдер жасауга тырысады және осыған орай сынни талдаудың біршама элементтерін жұмыстан толық байқауга болады. Әсіреке, жұмыста еліміздегі келісім концептісінің эволюциялық түргыда қалыптасуы ғылыми саралтамадан өткізіліп, бұл үдерістегі қазақ философиясы ауқымындағы келісім концептісінің рөлі жақсы баяндап беріледі. Дегенмен, диссиденттікта болашақта курделі мәселелер бойынша өзінің авторлық позициясын батылтырақ айқындаі түскені жөн деген пікір білдіреміз. Мәселен, Орта Азиядағы көрші елдердің келісім концептілерінің ерекшеліктері, олардың тәжірибесімен салыстыра зерттелгені жөн. Оның терең себеп-салдарларын жұмыста сынни түргыда толығырақ және айқын көрсеткен артық болмас еди. Жалпы, диссертациялық жұмыста алға қойылған барлық шешімдер мен ұсыныстарын талдаудан өткізілді.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары негізінен алғанда, яғни толығымен жаңа болып табылады. Бірінші қағидат - келісім құбылысының белгілі бір жағдайда келісімнің жағымды мәні (қандай мақсат «үшін» бірігу) немесе жағымсыз мәнінің (кімге немесе неге «қарсы» бірігу) қайсы бірі алдыңғы орынға шығатынына байланысты әрекет ететіні анықталды, екінші қағидат – келісімнің кез келген көрінісі тұтастық пен даму мүмкіндігін беретін белгілі бір форма ретінде айқындалды, үшінші</p>

		қағидат – келісім жалпыға ортақ байланыстың жүйе құраушы қыры, бірліктің ішкі негізі және қайшылықтарды жеңуге бағытталған әрекет ретінде көрініс табатыны айшықталды, төртінші қағидат – келісімнің қарама-қарсы екі түрі ажыратылып көрсетілді: коммуникативті-рационалды (немесе шартты, сыртқы жағдайлармен анықталатын) және сезімдік-бейнелі (ішкі, тікелей), бесінші қағидат – қазақстандық келісім концептісі дискурсивті коммуникация мен келісімнің стихиялы, сезімдік-бейнелі түрлерін синтездеуге кабілетті екені көрсетілді, алтыншы қағидат - қоғамдық келісімнің типке, не түрге ажарытылуынан басқа әр түрлі деңгейлері – горизанталды және вертикальды болатыны анықталды, жетінші қағидат - қазақ философиядага келісім стратегиясының үлгісін қазіргі Қазақстанның мәдени-өркениеттік даму кезеңінде оның әлеуметтік стратегиясы мен әлеуметтік-философиялық ой ауқымының мүмкіндіктерін көңіл-көңіл анықтауды.
5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	<p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Диссертацияның қорытындылары қазіргі Қазақстандағы тұрақты қоғамдық келісімді әрі қарай жетілдіру үшін, алыс-жақын елдермен қатынастарды үйлесімдендіру үшін және әлеуметтік философия бағытындағы тұжырымдарды толықтыру үшін маңызды. Осыған орай қордаланған жұмыстың ғылыми қорытындылары «толығымен жаңа» деп бағаланады. Автор болашакта өзінің ғылыми зерттеулерінде жас маман ретінде Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін келісім құбылысына қатысты жаңа, креативті қырларды аша түседі деген ойдамыз. Себебі, әлемдегі көптеген мемлекеттер өздерінің саяси-экономикалық дамуында келісімдік қатынастарға үлкен маңыздылық береді. Сол ұтымды тәжірибелі қазіргі жаңа әділетті Қазақстанды қалыптастыру мен дамыту жағдайында ескеруіміз қажет екені белгілі.
5.3 Техникалық, технологиялық,		Диссертацияның зерттеу тақырыбы мен нысаны гуманитарлық

		<p>экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>салада жатады және пәнаралық сипатқа да ие болады. Ал енді жұмыстың негізгі мазмұны техникалық, технологиялық және экономикалық салаларға жатпаганмен, автордың кейбір идеялары мен мемлекеттік басқару шешімдеріне қатысты өзінің алға қойған мақсатына сәйкес еңбекті орындағандықтан «толығымен жаңа» деп бағалауға болады.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Мәтіннің мазмұны тақырыпқа барынша сәйкестендірілген және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйене отырып дәйектелгенін атап өтуге болады. Қазақстанның дамуындағы қоғамдық көлісімнің басты ерекшеліктері барынша сұрыптаудан өткізіліп, оның еліміздің саяси, әлеуметтік өміріндегі орны мен рөлі айшықталып, күрделі философиялық мәселе ретінде айқындалғаны байқалды. Автор болашақта көлісім құбылышының күрделі мәселелерін өзінің шығармашылық практикасында барынша кең зерттеу нысанына айналдырады деген үміттеміз.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидаттар дәлелденген және сини ғылыми түрғыда дәйектелген. Автор философия мамандығымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде қолдана білген.</p> <p>7.2 Жұмыс қағидаттары тривиалды, яғни үстірт емес. Бұл пункт бойынша «жоқ» деген баға беріледі. Автор әрбір нәтижені теориялық түрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар теориядан практикаға шығудың жолын іздейді.</p> <p>7.3 Негізгі қағидаттардың барлығының жаңалығы бар деп бағаланады. Жалпы қағидаттардың жалпы саны жеті екені байқалды. Бірінші қағидат көлісім құбылышының екі жақты қасиетін, оның қайсысының алдыңғы орынға шығуына байланысты</p>

	<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) ия;</u> 2) жок 	<p>айқындалатынын дәйектеуден басталады, екінші қагидат – келісім белгілі бір үйлесімдік ретінде тұтастық пен даму мүмкіндігін беретін форма ретінде айқындалады, үшінші қагидат – келісім бірліктің ішкі негізі, қайшылықтарды жеңуге бағатталған қызмет ретінде айшықталады, төртінші қагидат – келісімнің рационалды және рухани сезімдік eki формасы өзара үйлесімдікте болатыны негізделеді, бесінші қагидат – келісім концептісі өркениеттік бірегейлікті сақтап, жаһандық бірлікті қамтамасыз ететінін саралтуында, алтыншы қагидат – келісім қазақ қоғамында адам өмірінің ең жоғары игілігі ретінде түсініліп, оның түрлері өзіндік үйлесімді қажет ететіні пайымдалуында, жетінші қагидат – қоғамдағы келісім біртұтастықтың идеалды-типтік үлгісі ретінде қабылданатынын негізделуінде. Осыған орай рецензент тарапынан «Иә» деген баға берілді.</p> <p>7.4 Қағидаттардың қолдану деңгейіне «кең» деген баға берілді. Ғылыми нағиеверді гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады. Сондықтан кең деп бағаланды.</p> <p>7.5 Негізгі қағидаттар жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, сынақтан өткен. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Скопус» тізіміндегі процентили жоғары, Q1 журналына автордың ғылыми мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар жасалған. «Иә» деген баға беріледі.</p>	
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) ия;</u> 2) жок 	<p>Әдістеме таңдауы автор тарапынан жақсы негізделген. Әдіснама саралтау тұрғысынан «иә» деген жауапқа сәйкес. Өйткені автор ғылыми әдістеменің әдеттегі дәстүрлі жолдарымен қатар инновациялық тәсілдерді, пәнаралық әдістерді қолданған.</p>

	<p>ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Қазіргі заман әдістері мен деректері әлеуметтанулық зерттеулер барысында жақсы қолданылғаны байқалды. Автор компьютерлерлік игерулер арқылы зерттеу нәтижелерін қорытындылаған. Нәтижелерін жақсы дәйектейді. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деген ойдамын.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занұлыштар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Еліміздегі әртүрлі деңгейдегі келісімдердің орнын, табиғатын, болашағын зерделеуге байланысты диссертацияда келтірілген теориялық қорытындылар өзара байланыста дәйектелген. Мәселен, автор қоғамдағы келісімдік принципі мен қарым-қатынасқа қатысты ойларын әлеуметтанулық зерттеулер арқылы дәйектеуге тырысады. Осыған орай, бұл талап бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деуге болады.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда әлемде келісім тақырыбына жарияланған ғылыми әдебиеттер көп еkenі белгілі. Автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың біршама еңбектерін қамти алған. Көптеген сілтемелерге толықтай алғанда автор тарапынан сынни түсіндірмелер берілген. Диссертацияда келтірілген кейбір сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесеттінін байқауға болады. Дегенмен, келісімдік қатынастардың орнын нақтылай түсу үшін еліміздегі мәдени-өркениеттік дамуындағы соңғы жылдары жарық көрғен қазақстандық философтардың «ұлтаралық келісім» мәселесіне арналған еңбектерге сілтемелерді автор өзінің болашақ</p>

			ғылыми жұмыстарында көңілең түседі деген сенімдемін.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпты әдеби шолуга негізінен жеткілікті деуге болады. Автор келісім, тұрақтылық, концепт, консенсус, диалог сияқты ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтаған. Әрине, қоғамдық келісімді нығайтуға қатысты тәуелсіздік жылдары жарық көрген кейбір іргелі еңбектерді де тізімге қосуға болар еді. Олар әдеби шолудың ауқымын көңілең түсепті анық. Дегенмен, автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін еңбектерді қамти алған деген пікірдемін.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) ия;</u> 2) жок	Диссертация тақырыбының теориялық маңызы үлкен. Себебі келісім құбылысы әлемде де, тәуелсіз Қазақстан жағдайында да, әлеуметтік ғылымдар саласында да соңғы жылдары ғалымдар тарапынан белсенді түрде зерттелуде. Әрі қарай ғылыми зерделене бермек. Сондықтан «иә» деген жауап беріледі.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жок	Диссертациялық жұмыс мазмұнындағы алынған қорытындылардың практикалық маңызы зор және еліміздің әлеуметтік салаларында, мемлекеттік басқаруда қолдануға болады. Себебі, Қазақстан Республикасы көршілес мемлекеттермен, шет елдермен өзара келісім қатынасын тәуелсіздік алған жылдардан бері белсенді түрде құрып келеді. «Иә» деген жауап берілді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <u>1) толығымен жана;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация мәтіні тақырыпты әлеуметтік-философиялық түрғыдан талдауға бағытталған. Бірақ теориялық ойлармен қатар автордың практикалық салада қолдануға болатын ұсыныстары бар екені байқалды. Мәселен, қазақ халқының рухани мұрасында келісім мәселесіне қатысты идеяларды рухани-адамгершілік тәрбиесінде, дүниетанымды қалыптастыруда қолдануға болатындығы құптарлық қадам. Толығымен жаңа.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жогары деңгейде. Себебі, автор негізінен теориялық және әдіснамалық түрғыда ғылыми ортада кең тараган әлеуметтік-философиялық сынни талдаудың тәсілдерін кеңінен колданады. Философиялық байыптаудың, әлеуметтанулық сараптаудың қисындарын жазу барысында автордың ұтымды колданғаны байқалды,
-----	---------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қорытынды шешім: «8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ержанова Айдана Женісқызының «Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуындағы келісім концептісі (әлеуметтік-философиялық талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

КЕАҚ «Нархоз Университеті»,
 Пәнаралық білім беру орталығының
 қауымдастырылған профессоры,
 философия ғылымдарының кандидаты, доцент



Сыбанбаев Калмурат Усенович

23.06.2023 жыл